

Астана қаласының әкімдігі
№34 «Ақ бидай» балабақшасы МКҚК



№3 «Айгөлек» ересек тобы

Ата – аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті кеңестер

Тәрбиеші: Мұратова Б.Б

Астана, 2024 оқу жылы

- Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.
- Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.
- Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.
- Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.
- Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз.
- Балаға өзінің іс-әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни, бала ең алдымен ойланып, содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. Ең жақсысы, өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде, ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.
- Баланы, қоршаған әлемді, танып, білуге дағдылаңыз.
- Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.
- Баланы тым еркелетпеңіз. Онымен өзіңізбен тең дәрежедегі адам ретінде сөйлесіңіз. Есіңізде болсын сіздің сөйлеген сөзіңізді, іс-әрекетіңізді балаңыз қайталайды.
- Балаға өз бетінше жеке басының тазалығын қадағалауды және де әр түрлі жағдайларда, өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріңіз.
- Жақсы іс-әрекеті үшін сөзбен немесе сыйлық пен мадақтап көтермелеңіз.
- Бала кішкентайынан бастап, ата-анасын, үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін білу тиіс.
- Ешқашанда баланың икемсіздігін күлкіге айналдырып және де қорқыныштарына күлмеңіз. Қайта керсінше, баланың қорқыныштарын бірге шешіп, сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.
- Қаншалықты уақытыңыз аз болсада, балаңыздың жан-жақты дамуына көңіл бөліңіз.

Есіңізде болсын, балаңыз – сіздің ең басты байлығыңыз.

